

**Орта білім беру ұйымдарына арналған
әдістемелік кеңес хаттамасы**

№ 1 2024 жылғы "20" тамаз

Төраға: Хамитова А.К.

Хатшы: Хавдалгаж А.

Қатысқандар: 20 (тізім қоса тігіледі)

Күн тәртібі

1. Педагогикалық ұжымның өткен жылғы жұмысына талдау, жаңа 2024-2025 оқу жылына арналған міндеттер белгілеу.
2. Мемлекеттік білім беру стандарты, оқу бағдарламалары, әдістемелік нұсқау хатпен танысу және талқылау. Күнтізбелік, күнделікті және тәрбиелік жоспар құру бойынша нұсқаулықтар жүргізу. Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар мен элективті курстарын анықтау және оларға жоспар жасау ерекшеліктерін талдау.
3. Мектеп құжаттарын (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) жүргізу бойынша ақпарат. Электронды журналды толтыру бойынша нұсқаулық жүргізу (сабақ кестесін, оқушылар тізімі).
4. БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын құру, жүргізу және талдау бойынша нұсқаулықты талдау және кестесін бекіту.
5. Жаңа оқу жылына арналған жоспарды бекіту. Білім берудегі олқылықтарды жою бойынша жұмыстарды жоспарлау
6. Мұғалімнің өзінің кәсіби дамуының жоспарын құру бойынша нұсқаулық

Отырыс барысы

Тыңдалды:

Бірінші сұрақ бойынша Хамитова А.К. 2023-2024 оқу жылының жұмысының қорытындысына тоқталды. Талдау барысында педагогикалық кадрлар бойынша жұмыс, жас мамандар мен тәлімгерлердің жұмысы, оқу – тәрбие жұмысына, дарынды оқушылармен жұмысына ерекше тоқталды. Өткен оқу жылының қорытындысы бойынша мұғалімдер марапатталды. Мектеп мұғалімдерін жалпы мектеп тақырыбы және мақсатымен таныстырып талқылады. Жаңа 2024-2025 оқу жылында мектеп «Білімді терең меңгерген, жеке шығармашылық қабілеті дамыған, ұлттық сана сезімі жетілген, өзін өзі бағалай алатын тұлға қалыптастыру» тақырыбымен жұмыс істеуді жалғастырады. Жаңа оқу жылында осы жылғы болған кемшіліктерді жою үшін жағдайлар жасау, оқушылардың білім сапасын арттыру басты мақсат болып отыр. Ол үшін:

1. Білім сапасын арттыру мақсатында, әр баланың қолжетімді және сапалы білім алу құқығын жүзеге асыру бойынша әрбір мұғалім мен сынып жетекшілерінің жауапкершілігін арттыру.
2. Педагог-психологпен бірлесе отырып, дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жалғастыру
3. Дарынды оқушыларды қолдау және дамыту бойынша жұмыстар жүргізу;
4. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін арттыру.
5. Пәндік апталықтар және пәндер бойынша сыныптан тыс жұмысты ұйымдастырудың сапасын арттыру.

6. Жаратылыстану-математика пәндері бойынша оқушылардың білім сапасын арттырудың әдістерін қолдану.

Мектепшілік әдістемелік кеңесінің хатшысын сайлау туралы сұрақ қойылды. Хатшының міндетін жалғастыруға Бекей Жанбота ұсынылды. Кеңестің барлық мүшелері бұл ұсынысты бірауыздан қолдады.

Сөз сөйлегендер:

Боканова А.С – мектептің тақырыбымен мақсатын орындау үшін жұмыс жүргізу керек. Білім сапасын арттыру әдіс- тәсілдерін үнемі сабақтарда қолдану, дарынды оқушыларды дамыту және үлгерімі төмен оқушыларға қолдау көресту жұмыстарын, нәтижеге бағытталған жұмыс жүргізу керек.

Садвокасов М.Б – жас мамандардың біліктілігін арттыру үшін сабақтарына үнемі қатысуды ұйымдастыру керек.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Мектеп тақырыбы мен мақсаттары негізінде мектептің жылдық оқу – тәрбие жоспарын құру.
2. Жоспарға сәйкес іс – шаралар ұйымдастырып өткізу.
3. Мектепшілік әдістемелік кеңес хатшысы міндетін Хамитова А.К. атқарсын.

№2 сұрақ бойынша Хамитова А.К. мұғалімдерді «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен берілген стандарт талқыланды. Пәндер бойынша «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бекітілген оқу бағдарламалары таныстырылды және талқылады. Мектеп мұғалімдеріне күнтізбелік, күнделікті және тәрбиелік жоспарларды құру бойынша нұсқаулықтар берілді. 1-11 сыныптарға вариативтік компонент бойынша сабақтарды жоспарлау және жүргізу бойынша нұсқаулық берілді. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы негізінде қалыптастырушы бағалау жүргізілетіні ескертілді.

Сөз сөйлегендер:

Сагинбаева Г.А– 2024 - 2025 оқу жылына арналған күнтізбелік – тақырыптық жоспарлар оқу бағдарламалары негізінде құрылуы тиіс. Барлық КТЖ 6.04.2020 жылғы №130 (өзгерістермен 17.03.2023 ж. №68) бұйрықтағы үлгі бойынша құрылуы тиіс. Вариативті компонент сабақтарын жоспарлауда оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін және функционалдық сауаттылықты дамытуды ескеру қажет.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Пән бойынша КТЖ, вариативтік компонент сабақтарының жоспарларын оқу бағдарламалары негізінде құру.

№3 сұрақта Хамитова А.К. мектепшілік барлық құжаттарды «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) негізінде толтыру үлгілерін көрсетті. Электронды журналды толтыру бойынша нұсқаулықпен

таныстырды. 2024-2025 оқу жылында 2-11 қалыптастырушы бағалау бойынша 1-10 балға дейінгі бағалау жүйесі жалғастырылады. Бекітілген сабақ кестесі журналға енгізіліп, сол бойынша КТЖ уақытылы енгізілуі тиіс. ҮТ уақытылы енгізіп, журналды кейінгі күнмен толтыруға тыйым салынады. Электронды журналға жаңадан келген және тіркелмеген оқушыларға және мұғалімдерге жаңа аккаунт беру, оларды тіркеу, пәндер бойынша 2024 – 2025 оқу жылына арналған күнтізбелік – тақырыптық жоспарды уақытылы енгізуге тікелей жауапкершілікпен қарау туралы айтылды.

Сөз сөйлегендер:

Боканова А.С.– мұғалімдердің, оқушылардың және ата – аналардың да күнделік.кз кіруі мониторинг арқылы бақыланып отырады, мониторинг күнделікті жүргізіледі.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Мектеп құжаттарын ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бұйрық) негізінде жүргізу.

2. Электронды журналды уақытылы толтыру.

№4 сұрақ БЖБ, ТЖБ, жүргізу және талдау бойынша нұсқаулықты талдау. Пәндер бойынша модерация жүргізу нұсқаулығын талдау бойынша «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен берілген бұйрығы таныстырылды. БЖБ, ТЖБ тапсырмалары алдымен бірлестік отырысында талқылану керектігі ескертілді, содан соң бекітуге ұсыну керек. Модерация пән бойынша ТЖБ жұмысына жасалады. Оқушылардың күмән келтіретін, даулы жағдай тудыратын жұмыстары модерациядан өтеді, мұндай жағдайда міндетті түрде жоғары, орта және төмен балл алған оқушылардың жұмыстары сараланып, дескриптор арқылы тексеріліп, шешім шығарылады. Шешім негізінде балл қосылады, алынады немесе өзгеріссіз қалдырылады. БЖБ және ТЖБ өткізу бойынша кесте алдын ала құрылып бекітіледі. Бекітілген кесте бойынша бір күнде 3 БЖБ неме ТЖБ дан артық жоспарланбауы керек. Сабақта БЖБ орындау үшін өткізу нысаны (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, эссе, диктант, мазмұндама, шығарма, тестілеу және басқалар) мен уақытын педагог дербес айқындайды. БЖБ үшін максималды балл 1-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11 (12) сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық болмауы керек.

Сөз сөйлегендер:

Еламанов М.К.– БЖБ және ТЖБ жұмыстарын рәсімдеуде оқушылардың деңгейі ескеріледі. Тапсырмалар сабақтарда өткен тапсырмаларға ұқсас, және оқушының өз ойын жеткізе білуге бағытталған болады.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. БЖБ, ТЖБ нұсқаулыққа және бекітілген кестеге сәйкес өткізу.

2. БЖБ, ТЖБ баллдарын журналға өткізілген күннен 1 күн ішінде қойылады.

3. Қажет болған жағдайда модерацияны әр тоқсан сайын модерациялық топ мүшелері өткізу керек.

№5 сұрақта Хамитова А.К. өткен оқу жылының қорытындысы бойынша 1 тоқсанда бақылауда болатын пәндер мен сыныптарға тоқталды. Содан соң білім берудегі олқылықтарды жою жұмыстарының жоспарын құру ұсынылды. Пән мұғалімдерінің ұсыныстарын тыңдап, жоспарға қосты. Әр пән мұғалімі пән бойынша олқылықтарды жою

жоспарын құру керектігі ұсынылды. Мектептің оқу- тәрбие жұмысының бір жылдық жоспарымен таныстырып талқыға салды. Ұсыныстар ескеріліп жаңа оқу жылының жоспарына енгізілді.

Сөз сөйлегендер:

Сагинбаева Г.А - оқу -тәрбие жоспарына аттестациядан өтетін мұғалімдердің мектепішілік семинарларын жоспарға енгізу керек.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Бекітілген жылдық жоспары негізінде іс – шараларды ұйымдастырып өткізу.
2. Олқылықтарды жою бойынша жоспар құру.

Соңғы сұрақ бойынша Хамитова А.К. мұғалімдердің сапалық құрамы бойынша ақпарат берді. Біліктілік арттыру курстары және мұғалімдердің санаттарын арттыру бойынша тізім құру қажет екендігін ескертті. Мұғалімдардың жұмыс жасайтын әдістемелік тақырыптарын қайта қарастыруды ұсынды. Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру бойынша өзіндік жоспар құру қажет екендігін ескертті.

Сөз сөйлегендер:

Хамитова Г.К - жас мамандарға әдістемелік тақырып таңдауда тәлімгерлердің көмек көрсетуі өте қажет.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Мұғалімдердің кәсіби біліктіліктерін көтеру жоспарын құруы.

ӘК төрайымы:  Хамитова А.К.

Хатшы:  Хавдалгаж А.

**Орта білім беру ұйымдарына арналған
әдістемелік кеңес хаттамасы**

№ 2 20 24 жылғы "31" қаңтар

Төрайым: А.К.Хамитова.

Хатшы: Хавдалгаж А.

Қатыскандар: 24

Күн тәртібі

1. «Оқу мақсаттарынан сабақ мақсаттарына шығу жолдары» баяндама, іс – тәжірибемен бөлісу.
2. Кіріс бақылау жұмыстарын алуды ұйымдастыру қорытындысы
3. Білім алушылардың білім сапасын арттыру бойынша 1,5,10 сыныптардың бейімделу барысы.
4. Мектепшілік бақылау жоспары негізінде пәндер бойынша сабақ жүргізу қорытындысы.
5. 5, 6 сынып оқушыларының оқу жылдамдығының қорытындысы
6. Мұғалімдердің әдістемелік деңгейін бақылау нәтижесі.

Отырыс барысы

Тыңдалды:

Ең алдымен мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары м.а. Хамитова А.К. 2024 жылдың 23 тамызында өткен №1 ӘК қаулысының орындалуы туралы есепке тоқталды. №1 ӘК отырысының шешіміне сәйкес қыркүйек айының 1 дейін барлық жоспарлар бекітіліп, мұғалімдер бекітілген жоспар бойынша жұмыс жасап жатқандығына тоқталды. Барлық жоспарлар оқу бағдарламаларын негізінде құрылды. Тәлімгерлік жоспар бойынша жас мамандардың сабақтарына қатысып, іс – тәжірибесімен үнемі бөлісіп отырады. Мектептің жылдық жоспары негізінде айлық жоспар құрылып, іс – шаралар ұйымдастырылып өткізілуде. Мектеп мұғалімдерімен электронды журналды, мектеп құжаттарын жүргізу бойынша нұсқаулы жүргізілді.

Бірінші сұрақ бойынша бастауыш сынып мұғалімі Хамитова Л.А. «Оқу мақсаттарынан сабақ мақсаттарына шығу жолдары» тақырыбында іс- тәжірибемен бөлісті.

Бүгінгі сабақтың тақырыбына сай мақсат қою, сол мақсатқа жетуде – ең алдымен ойлау үдерісі жүреді. Осы ойлау үдерісі негізінен 4 бөліктен құралған.

Біріншіден, оқу бағдарламасын анықтау: менің сабағымда балалар нені оқып-үйренеді және сабақта жоспарланған жұмыс формаларының нәтижесінде қандай әрекеттерді игереді (бағдарламада ұсынылған тақырып бойынша).

Екіншіден, сабақ басталмас бұрын оқушылар нені білетінін анықтау (өткенді қайталау).

Үшіншіден, оқушылардың жаңа тақырыпты оқып-үйренуіне көмек көрсету үшін ең болмағанда бір тәсіл табу.

Төртіншіден, оқушылардың оқып-үйренуінің нәтижесін бағалау үшін кемінде бір әдіс қолдану.

Мұғалімнің арнап жоспарлайтын іс-шаралары **оқу мақсаты** болып табылады. Осыған байланысты, оқыту және оқу мақсаттарын қалыптастыру шаралары төмендегілерді білуге бағытталған:

-Сіздің ойыңызша, оқушылар нені білуі тиіс?

-Оқушылар қандай түйінді идеяларды түсінулері керек?

-Оқушылар қандай мәселелерді зерттеп, талдаулары керек?

Оқу нәтижелері мұғалім сабақта қойған мақсаттарына қол жеткізгенін немесе қол жеткізе алмағанын білуге мүмкіндік береді»- деп атап өтті.

Сөз сөйлегендер:

Садвокасов М.Б. – Сабақтың тиімді өтуі қойылған мақсатқа тікелей байланысты болады. Сол себепті сабақ мақсатын қоюда барлық оқушылардың деңгейін ескеру керек.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Білімдегі олқылықтарды жою үшін сабақтың мақсатын тиімді құру.
№2 сұрақ бойынша Тауекелова Р.Е кіріс бақылау жұмыстарын алуды ұйымдастыру қорытындысына тоқталды. Бақылау жұмысын өткізу әдіс – тәсілдерінің дұрыс таңдалмауы білім сапасының төмендігіне әкеліп соқты. Ауызша оқытатын пәндер кіріс бақылау жұмыстарын ауызша сұрақ – жауап ретінде өткізсе, жазбаша пәндер тест түрінде өткізді. 1 тоқсан қорытындысы бойынша өткен оқу жылының қорытындысымен салыстырғанда бірнеше пәндерден білім сапасы төмендеген.

Сөз сөйлегендер:

Садвокасова Г.А – Әр пән бойынша жіберілген олқылықтарды жою бойынша жоспар құрылу керек. Және олқылықтардың орнын толтыру мақсатында сабақтарда өткен тақырыптарды қосымша қайталау қажет.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Пән бойынша олқылықтарды жою жоспарын құру және жұмыстар жүргізу;
2. Үлгерімі төмен оқушылармен, 2,3 сабақтан «3» бағасы бар оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізу;
3. Жоспар бойынша және жоспардан тыс сабақтарға қатысуды жалғастыру;
Үшінші сұрақ бойынша Жусупова К.К қазан айында 1,5 сыныптардың бейімделуін бақылау мақсатында қатысқан сабақтардың қорытындысымен таныстырды. Сапалы сабақ беру үшін сабақ жоспарының тиімді құрылуы бақыланды. Нәтижесі: Жоспарда сабақтың барлық кезеңдері қамтылған, сабақ мақсаты оқу мақсаттарына сай, оқу мақсаттары оқу бағдарламасынан алынған, 5 сыныптарда формативті баға кейбір сабақтарда ғана жоспарланған, ұсынылған ақпарат сабақ мазмұнына сай келеді, оқу әдістері жоспарланған, мұғалім мен оқушының әрекеті анық жоспарланған.
Сабаққа қатысу барысында оқушылардың сабақтағы зейіні, ынтасы, белсенділігі қадағаланды.

1 сынып оқушыларының зейіні тұрақсыз, белсенділігі жақсы. Сабақ барысында оқушылар өздерін еркін сезінеді. Мұғалімнің сұрақтарына қымсынбай жауап береді. Сабақ мақсаттары оқу мақсаттары негізінде құрылатыны және күтілетін нәтижемен тығыз байланыстығы анықталды. Алдыңғы сабақтағы білімді үнемі қайталай отырып, жаңа сабақтар түсіндіріледі. Сабақ барысында оқулықпен жұмыс, жазу, есептеу дағдылары қалыптастырылуда. Сабақ арасында физикалық жаттығулар өткізіледі. Оқушылардың қызығушылығын арттыру, зейінін тұрақтандыру жұмыстарын жалғастыру қажет.

Сабаққа қатысу барысында оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі 5 А сыныбында - жақсы. 5 А сыныбының кейбір оқушылары тек берілген тапсырмаларды орындап отыра береді, сұрақтарға жауа беруде қымсынады. Сын тұрғысынан ойлау, тіл мәдениетін дамыту, логикалық ойлауды дамыту мәселелеріне көңіл бөлінеді. Оңайдан қиынға қарай тапсырмалары орындалады. Қалыптастырушы бағалау жүргізу үшін арнайы тапсырмалар берілмейтіні анықталды, бағалау критерийлері көп жағдайда қойылмайды. Сабақтарда оқушылармен кері байланыс жүргізіліп отырады.

Сөз сөйлегендер:

Еламанова Ж.К* – 5 А сыныбының оқушыларының белсенділігі орташа. Сабаққа қызықтыру және белсенділігін арттыру үшін әдіс – тәсілдерді кеңінен қолдану керек.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Сабақта белсенді әдіс – тәсілдерді кеңінен қолдану;
2. 1,5 сынып оқушыларының бейімделуін назардан тыс қалдырмау;

№4 сұрақта Хамитова А.К. мектепшілік бақылау жоспары негізінде пәндер бойынша сабақ жүргізу қорытындысына тоқталды. Оның ішінде 8-11 сыныптардағы алгебра, геометрия, орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің жүргізу сапасының қорытындысымен таныстырды.

Аталған пәндер бойынша өткен оқу жылының қорытындысы бойынша аталған пәндер төмен пайыз көрсеткен болатын. Сол себепті аталған пәндер бойынша сабақтарға қатысу жүргізілді. (тексеру қорытындысы бойынша анықтама таныстырылды)

Сөз сөйлегендер:

Жумабеков Т.С.– білім сапасын арттыру үшін сабақ жоспарын тиянақты құру керек. Жас мамандардың сабақтарына қатысу және олардың тәжірибелі мамандардың сабақтарына қатысуды жалғастыру керек.

Искакова Б.М – оқушылардың өзін – өзі, өзара бағалау жұмыстарына көңіл бөлу керек. Сабақта ҚБ ұйымдастырудың жолдарын дұрыс жоспарлау керек.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Күнделікті жоспар құруда жан – жақты іздену,
2. Білім сапасын арттыру жолдарын қарастыру;
3. Жас мамандардың сабақтарына қатысуды жалғастыру;
4. Қалыптастырушы бағалауға арнайы тапсырмалар берілуі қажет.
5. Үлгерімі төмен және дарынды оқушылармен жұмысты сабақта жүргізу.

№5 сұрақ бойынша Хамитова А.К. 5, 6 сынып оқушыларының оқу жылдамдығының қорытындысына тоқталды. Оқу жылдамдығының қорытындысы бойынша анықтама жасалды. (анықтама бойынша талдау)

Соңғы сұрақ бойынша Бекей Ж. мұғалімдердің әдістемелік деңгейін бақылау нәтижесіне тоқталды. Бұл сұрақ барысында мұғалімдердің ҚМЖ және КТЖ жоспарлау, сабақтарда бағалаудың түрлерін дұрыс жүргізу, оқушыларды бағалау әділдігі, цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану сапасын анықтау және сабақтарда күтілетін нәтижені дұрыс қою бақыланды. КТЖ құрауда жас мамандарда бірнеше қиындықтар туындады, оларға тәлімгерлер көмек көрсетті. Аталған мәселелердің барлығы сабақтарға қатысу барысында қадағаланды. Мұғалімдердің сабақты жоспарлау және өткізу барысын жақсарту керек.

Сөз сөйлегендер:

Хавдалгаж А.– Білім сапасының жоғары болуы сапалы сабақ жүргізу. Сол себепті әр сабаққа тиянақты дайындалып келу керек.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Іс – тәжірибемен бөлісу мақсатында онкүндіктер және мектепшілік семинарлар өткізуді ұйымдастыру;

ӨК төрайымы:  Хамитова А.К.
Хатшы:  Хавдалгаж А.

«Күншалған ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
(білім беру ұйымының атауы)

**Орта білім беру ұйымдарына арналған
әдістемелік кеңес хаттамасы**

№ 3 2024 жылғы "24" желтоқсан

Төрайым: Хамитова А.К.

Хатшы: Хавдалгаж А.

Қатысқандар: 24 (тізім коса тігіледі)

Күн тәртібі

1. «Критериалды бағалаудың ерекшеліктері мен қиындықтары» баяндама, іс – тәжірибемен бөлісу
2. Мектепшілік бақылау жоспары негізінде бақыланған пәндердің сабақ жүргізу сапасының қорытындысы.
3. Бірінші жартыжылдық жұмысының қорытындысы, екінші жартыжылдық міндеттерін белгілеу.
4. Оқушылардың білім сапасын бақылаудың қорытындысы
5. Білім берудегі олқылықтарды саралау арқылы жою жолдарын қарау
6. ҰБТ -ға дайындық жұмыстарының жағдайын бақылау нәтижесі
7. Мұғалімдердің әдістемелік деңгейінің дамуын бақылау нәтижесі

Отырыс барысы

Тыңдалды:

Ең алдымен мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары м.а. Хамитова А.К. 2025 жылдың 31 қазанда өткен №2 ӘК қаулысының орындалуы туралы есепке тоқталды. №2 ӘК отырысының шешіміне сәйкес қараша, желтоқсан айларында сабақтардың өткізілу сапасын бақылауда сабақтаға қатысу жүргізілді.

Бірінші сұрақ бойынша география пәнінің мұғалімі Садвокасов М.Б. «Критериалды бағалаудың ерекшеліктері мен қиындықтары» тақырыбында іс- тәжірибесімен бөлісті. Сабақта белсенді әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолдану арқылы сапалы сабақ жүргізу бойынша іс-тәжірибесімен бөлісті. Білім сапасын арттыру үшін сабақта дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыс түрлері көрсетілді.

Сөз сөйлегендер:

Хамитова Л.А.– Сапалы сабақ жүргізудің сыры – сабақта түрлі әдіс – тәсілдерді қолдана отырып, оқушының қабілетін дамыту.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

3. Білім сапасын арттыру, оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында күнделікті сабақты тиынақты жоспарлау.

№2 сұрақ бойынша Хамитова А.К. тарих сабағының жүргізілу қорытындысына тоқталды. Тарих сабақтарында оқушылардың тарихи түсініктерге сүйене отырып, материалдарды талдау дағдыларын жетілдіру мақсатында оқытудың заманауи тәсілдерін сабаққа енгізу барысы сабаққа қатысу арқылы бақыланды. (тексеру қорытындысы бойынша анықтама таныстырылды)

Және де Хамитова А.К. қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі сабақтарының жүргізілу сапасының қорытындысына тоқталды. Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі сабақтарында тілдік қатынас және таным құралы ретінде дағдыларды қарастыра отырып, оқушылардың

шығармашылық қабілеттерін дамыту барысы сабаққа қатысу барысында бақыланды. (тексеру қорытындысы бойынша анықтама таныстырылды)

Хамитова А.К. 7 сыныптарға жаңадан енген пәндердің жүргізілуін бақылау нәтижесіне қорытындысына да тоқталды. Сабақтарға қатысуда

- оқыту үдерісі мен заманауи оқыту мазмұнын жаңарту мақсатында сабақты өткізудің сапасы,
- сабақтың оқу бағдарламасының мазмұны мен оқу мақсаттарына сәйкестігі,
- сабақта формативті бағалаудың өткізілуін, педагогтің кері байланыс жасауын бақылау жүргізілді.
- 7 сынып оқушыларының жаңа пәнді меңгеруін бақылау жүргізілді. (тексеру қорытындысы бойынша анықтама таныстырылды)

Сөз сөйлегендер:

1. Сагинбаева Г.А. – білім сапасын арттыру үшін сабақты жоспарлауда әдіс – тәсілдерді кеңінен қолдану және сабақтың мақсатын тиісті анықтау қажет.
2. Боканова А.С. – Жас мамандармен педагогикалық – психологиялық қызмет жұмысын ұйымдастыру, тренингтер өткізу.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Сабақта белсенді әдіс – тәсілдерді кеңінен қолдану;
2. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру жұмыстарын жүргізу;
3. Сабақта формативті бағалауға арналған тапсырмалар жоспарлау;

№3 сұрақ бойынша Бекей Ж. бірінші жартыжылдық қорытындысына тоқталды. Оның ішінде өткізілген іс – шаралар туралы айтылды. Мектепшілік семинарлар, сайыстар мен байқаулар, мұғалімдердің курстық дайындықтан өтуі және т.б. Сондай – ақ қараша айында өткізілген мектепшілік олимпиадасына аса қатты мән берілді. Мектепшілік олимпиада қорытындысы бойынша аудандық олимпиадаға қатысушылар өтінімі берілді. Аудандық олимпиадаға 9-11 сыныптар арасынан 3 оқушы қатысты. Аудандық олимпиада қорытындысы бойынша облыстық кезеңге өткен оқушы жоқ. Дарынды оқушыларды қолдау мақсатында қосымша жұмыстар жүргізу керек. Және екінші жартыжылдыққа қойылатын міндеттермен таныстырды.

Сөз сөйлегендер:

Садвокасов С.Б. – Сабақ барысында дарынды оқушыларға күрделі деңгейдегі тапсырмаларды беру керек деп ойлаймын.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Екінші жартыжылдыққа қойылған міндеттерді орындау;
2. Дарынды оқушылармен жұмысты жалғастыру;
3. 5-6 және 7,8 сыныптардың аудандық олимпиадасына дайындықты күшейту;

№4 сұрақ бойынша Хамитова А.К. алгебра пәні бойынша 9 сынып оқушыларының білім сапасын бақылауының қорытындысымен таныстырды. Тексеру барысында тест жұмысы жүргізілді. (тексеру қорытындысы бойынша анықтама таныстырылды)

Бастауыш сыныптар бірлестігінің жетекшісі Хамитова Л.А. 2-4 сынып оқушыларының оқу жылдамдығының қорытындысымен таныстырды. Тексеріс барысында оқушылардың сөздерді оқу дұрыстығы, оқу тәсілдері, оқу дағдылары бақыланды. (тексеру қорытындысы бойынша анықтама таныстырылды)

Сөз сөйлегендер:

Садвокасова Г.А. – Тиісті деңгейде және тиісті деңгейден төмен оқитын оқушылардың қосымша көркем әдеби шығармаларды оқуын қамтамасыз ету керек.

Хамитова А.К. – оқушылардың білім деңгейін көтеру және қызығушылықты арттыру үшін мектепшілік сайыстар өткізу жоспарлаудамын.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Білім сапасын арттыру мақсатында мектепшілік сайыстар мен семинарлар ұйымдастыру қажет
2. Тиісті деңгейден төмен оқитын оқушылармен қосымша жұмыс жүргізу;
3. Саралау арқылы оқушылардың олқылықтарын дер кезінде жоюды бақылау

№5 сұрақ бойынша Хамитова А.К. 1 жартыжылдық қорытындысы бойынша білім берудегі олқылықтарды жою жолдарын қарастырды. 1 жартыжылдық қорытындысы бойынша аналитикалық талдау жасалды, әр пәнге жеке тоқталды. Бекей Ж. саралау арқылы оқушылардың олқылықтарын дер кезінде жоюды бақылау қорытындысымен таныстырды.

(тексеру қорытындысы бойынша анықтама таныстырылды)

Сөз сөйлегендер:

Сагинбаева Г.А. –Білім сапасының төмендеу себебін пән мұғалімдері анықтау керек, БЖБ, ТЖБ қорытындысы бойынша кәтемен жұмыстар жүргізу керек.

Искакова Б.М. –сабақта деңгейлік тапсырмалар арқылы үлгерімі төмен және дарынды оқушымен жұмысты жеке жүргізу жақсы нәтиже береді.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Үлгерімі төмен оқушылармен, 2,3 сабақтан «3» бағасы бар оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізу;
2. Білім сапасы төмен сыныптардың сабақтарына қатысу;
3. Әр пән мұғалімі олқылықтарды жою бойынша жеке жұмыс жоспарын құру қажет.

№6 сұрақ бойынша Хамитова А.К.ҰБТ -ға дайындық жұмыстарының жағдайын бақылау нәтижесін айтты. Оқушылардың дайындалуы үшін консультация кестесі құрылды. Кесте бойынша қосымша сабақтар жүргізіледі. Пәндер бойынша ҰБТ дайындық жоспары алдын – ала бекітілген. Барлық пәндер бойынша консультация жоспарға сай жүргізілуде. 11 сынып оқушыларының таңдау пәндері алдын – ала анықталған.

Сөз сөйлегендер:

Хамитова А.К.–Сынып жетекшілер оқушылардың дайындыққа уақытылы келуін қадағалау және қамтамасыз ету керек.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. ҰБТ дайындықты жоспарға сай жүргізуді жалғастыру;

№7 сұрақ бойынша Хамитова А.К. Ғылыми жетекші жұмысының сапасын бақылау жүргізілді. Ғылыми жоба байқауына дайындық жоспарының орындалу сапасын қамтамасыз ету жолдары мақсатында жүргізілді. Мектептің «Ізденіс» оқушылар ғылыми қоғамының жетекшісінің құжаттары тексерілді. Тексеру барысында жылдық жұмыс жоспары, отырыстардың жұмыс жоспары және отырыс хаттамалары қаралды. Барлыс іс-шаралар жылдық жоспар негізінде өткізіледі.

Содан соң Хамитова А.К. мұғалімдердің әдістемелік деңгейін бақылау жүргізу қорытындысын айтты. Сабақтарға қатысу нәтижесі бойынша мұғалімдер дәстүрлі сабақтарды көп өткізетіні байқалды. Оқушының сабақты түсіндіріп, сөйлеуіне мүмкіндік жасау керек. Мұғалімдердің семинарлар өткізіп, қатысуына жағдай жасау керек.

Мектептің жас мамандарының тәлімгерлері «Жас ұстаз – тәлімгер» жұмысының қорытындысына тоқталды. Бақылау барысында жас мұғалімдердің кәсіби қиындықтарын анықтау, пән бойынша сабақтарды жоспарлау және ұйымдастыру сапасын анықтау, тәлімгерлердің жас мамандармен жүргізген жұмыстарының сапасын анықтау қарастырылды. (тексеру қорытындысы бойынша анықтама таныстырылды)

Хамитова А.К. •мұғалімдердің кәсіби дамуы және өзін-өзі жетілдіруіне тоқталды. Мұғалімдердің білім жетілдіру курстарына қатысу нәтижесі және болашақ жоспарына тоқталды. Сондай-ақ мұғалімдердің кәсіби сайыстарға қатысуы туралы сөз қозғалды.

Сөз сөйлегендер:

1. Жумабекова Н.Қ. – Барлық іс- қағаздарды талапқа сай жүргізіп, жобаларды талапқа сай рәсімдеу керек.
2. Садвокасова Г.А. – сабақта қолданылатын әдіс – тәсілдер бойынша дөңгелек үстел өткізу керек.
3. Шамуратова И.Г. – бастауыш сыныптар бойынша кәсіби конкурстар аз, бірнеше конкурстар өткізуге ұсыныс берілсе деген ойдамын.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Зерттеу жұмыстарын жүргізу бойынша ережені қайта қарастыру;

ӨК төрайымы:  Хамитова А.К.
Хатшы:  Хавдалгаж А.

«Күншалған ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

(білім беру ұйымының атауы)

Орта білім беру ұйымдарына арналған

ғылыми-әдістемелік кеңес хаттамасы

№ 4 2025 жылғы "28" ақпан

Төрайым: Хамитова А.К.

Хатшы: Хавдалгаж А.

Қатысқандар: 24 (тізім қоса тігіледі)

Күн тәртібі

1. «Оқу мен тәрбиені қатар алып жүру жолдары»
2. Жазбаша жұмыс нормаларын орындау, дәптерді тексеру жұмыстарының қорытындысы
3. Мектепшілік бақылау жоспары негізінде бақыланған пәндердің сабақ жүргізу сапасының қорытындысы.
4. Жаһандық құзыреттілік курсының, үйірмелердің жүргізілуін зерделеу қорытындысы
5. 4, 8, 9 сынып оқушыларының функционалдық сауаттылық деңгейін зерттеу нәтижесі
6. Мұғалімдердің әдістемелік деңгейін бақылау

Отырыс барысы

Тыңдалды:

Ең алдымен мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары м.а. Хамитова А.К. 2024 жылдың 27 желтоқсанында өткен №3 ӘК қаулысының орындалуы туралы есепке тоқталды. №2 ӘК отырысының шешіміне сәйкес барлық іс – шаралар өткізілді.

Бірінші сұрақ бойынша тарих пәнінің мұғалімі Садвокасов М.Б. «Оқу мен тәрбиені қатар алып жүру жолдары» тақырыбында іс- тәжірибесімен бөлісті. Тілеова О.Қ. "Оқу мен тәрбие - егіз" ұғымын ұстана отырып ата – аналармен жүргізілетін жұмыс түрлеріне тоқталды. Себебі тәрбие жоқ жерде білім де жоқ. Бала тәрбиесіндегі маңызды рөлді ата – ана атқаратынына да тоқталып өтті. Ата – аналармен жұмыс кезінде өткізілетін ойындар, әңгіме түрлері, сауалнамалар және қорытындыларымен бөлісті.

Сөз сөйлегендер:

Боканова А.С. – Бүгінгі күнде тәрбие өткен жылдарда жинақталған тәжірибеге арқа сүйейді. Қазіргі күннің талабы – баланы жан-жақты тәрбиелеу. Жанашыл мектептерде тәрбиенің сапасына, әдіс-тәсілдерінің мазмұнына, мақсатына зор көңіл бөлуде, жаңаша көзқарас қалыптасуда. Бүгінгі талап – қарқынды өркениет бағыттарынан қалыспай, терең білімді игеру. Осыған орай, қазақ мектептерінің оқыту жүйесінде әлемдік және ұлттық негізде жеке тұлғаны дамыту үшін өте орынды жағдайлар жасалып, нәтижелері көрінуде. Болашақ ұрпақты тәрбиелеудегі ең басты міндеттердің бірі – оқушылардың іс-әрекетін ізгілендіріп, рухани дамуының дұрыс жолға қойылуы. Ол үшін оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін гуманистік бағытта тәрбиелеп, олардың шығармашылықпен дамуына жол ашу.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

2. Мектеп- бала- ата – ана үштігінің жұмысын нығайту.

№2 сұрақ бойынша гуманитарлық бірлестік жетекшісі Хавдалгаж А. жазбаша жұмыс нормаларын орындау, дәптерді тексеру жұмыстарының қорытындысымен бөлісті. Тіл

пәндері бойынша қаңтар айында тексеріс жүргізілді. Нәтижесінде жұмыс дәптерлерін жүргізу ережесі толық сақталмайтыны анықталған. Оқушылардың дәптерлерінің эстетикалық жағдайы – жақсы. Кейбір оқушылардың дәптерлерінің жағдайы орташа. Сынып жұмыстары толық емес, кейбір оқушыларда үй тапсырмалары жоқ. Мұғалімдер оқушылардың дәптерлерінің кейбір тапсырмаларын ғана тексерген.

Сөз сөйлегендер:

Хамитова А.К. - оқушылардың дәптер жүргізу бойынша ереженің сақталуы, сынып және үй жұмыстарының орындалу барысы, мұғалімдердің дәптерлерді уақытылы тексеруі тиіс.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

2. Дәптерлерді ережеге сай жүргізу, оқушы дәптерлерін уақытылы тексеру және оқушылардың жазу коллеграфиясын түзету жұмыстарын жүргізуді бақылау.

№3 сұрақ бойынша Хамитова А.К. 2025 жылдың қаңтар айында 2024-2025 оқу жылының 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша төмен пайыз көрсеткен сыныптардың сабақтарына жоспар бойынша сабаққа қатысып, бақылау жүргізудің қорытындысына тоқталды. Жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша қаңтар айында алгебра, ағылшын тілі, информатика, тарих, физика пәндерінің сабақтарына қатысу жүргізілді. Сабаққа қатысу барысында сабақ жоспарының талапқа сай құрылуы байқалды. (тексеру қорытындысы бойынша анықтама таныстырылды)

2025 жылдың ақпан айында жоспар бойынша 7-11 сыныптарда физика және көркем еңбек пәндерін оқыту жағдайы бақыланды. Бақылау барысында аталған сыныптардың сабақтарына қатысу жүргізілді. Физика сабақтарына қатысу кезінде келесі жағдай байқалды: сабақ мақсаттары оқу мақсаттары негізінде құрылатыны байқалды. Мұғалім жоспарда сабақтың барлық кезеңдерін қамтуға тырысады, оқу мақсаттары оқу бағдарламасынан алынған, формативті баға жоспарланған, ұсынылған ақпарат сабақ мазмұнына сай келеді, оқу әдістері жоспарланған, мұғалім мен оқушының әрекеті анық жоспарланған. Көркем еңбек сабақтарында оқушылардың зерттеу және шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған арнайы тапсырмалар жүргізіледі. Сабақ барысында оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытып, әсемдікке баулу мақсатында түрлі тапсырмалар жүргізіледі. (тексеру қорытындысы бойынша анықтама таныстырылды)

Сөз сөйлегендер:

Сагинбаева Г.А.–сапалы сабақ өткізу үшін сабақты мұқият, тиянақты жоспарлау керек.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

2. Сабақта белсенді әдіс – тәсілдерді кеңінен қолдану;
3. Сабақ жоспарын тиянақты жоспарлау
4. Үлгерімі төмен және дарынды оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізу.

№4 сұрақ бойынша Боканова А.С. жаһандық құзыреттілік курсының, үйірмелердің жүргізілуін зерделеу қорытындысымен таныстырды. Барлық қосымша білім беру сабақтары кестеге сай уақытылы жүргізіледі. Жоспарға сай іс- шаралар ұйымдастырылады. (тексеру қорытындысы бойынша анықтама таныстырылды)

Сөз сөйлегендер:

Садвокасов С.Б. – жаһандық құзыреттілік курсының 5-8 сыныптарда тек 0,5 сағат өтуіне байланысты оқушылар 2 жұмада 1 рет қана сабаққа келеді. Және бұл оқушылардың өзін – өзі дамуына өте аз сағат.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Қосымша білім беру сабақтарын жоспарға сай өткізуді жалғастыру.

№5 сұрақ бойынша Хамитова А.К. 4, 8, 9 сынып оқушыларының функционалдық сауаттылық деңгейін зерттеу нәтижесімен таныстырды. Осы мақсатта аталған

сыныптардан тестілеу жұмыстары алынды. (тексеру қорытындысы бойынша анықтама таныстырылды)

№5 сұрақ бойынша бірлестік басшылары мұғалімдердің әдістемелік деңгейін бақылау бойынша сөз сөйледі. Мұғалімдердің өзара сабаққа қатысуы және кәсіби конкурстармен байқауларға қатысу мониторингімен таныстырды. Нәтижесінде мұғалімдер кәсіби конкурстарға аз қатысатыны байқалды.

Сөз сөйлегендер:

Жумабеков Т.С.— мұғалімдердің кәсіби конкурстарға қатысу жоспарын нақты құру керек.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Мұғалімдердің өзара сабақтарға қатысуын қамтамасыз ету;
2. Кәсіби конкурстарға қатысу жоспарын құру;

ӨК төрайымы:  Хамитова А.К.

Хатшы:  Хавдалгаж А.

«Күншалған ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
(білім беру ұйымының атауы)

**Орта білім беру ұйымдарына арналған
әдістемелік кеңес хаттамасы**

№ 5 2025 жылғы "26" сәуір

Төрайым: Хамитова А.К.

Хатшы: Хавдалгаж А

Қатыскандар: 24 (тізім қоса тігіледі)

Күн тәртібі

1. «Цифрлық білім беру ортасындағы заманауи оқыту құралдары»
2. «Білім беруде қолданылатын цифрлық технологиялардың тиімділігі»
3. Мектепшілік бақылау жоспары негізінде бақыланған пәндердің сабақ жүргізу сапасының қорытындысы.
4. Оқушылардың білім сапасын бақылаудың қорытындысы
5. Мұғалімдердің әдістемелік деңгейін бақылау нәтижесі
6. Шығармашылық зерттеу тобының есебі

Отырыс барысы

Тыңдалды:

Ең алдымен мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Хамитова А.К. 2024 жылдың 28 ақпанда өткен №4 ӘК қаулысының орындалуы туралы есепке тоқталды. №4 ӘК отырысының шешіміне сәйкес барлық іс – шаралар өткізілді.

Бірінші сұрақ бойынша информатика пәнінің мұғалімі Шынуар А. «Цифрлық білім беру ортасындағы заманауи оқыту құралдары» тақырыбында баяндама оқыды және іс – тәжірибемен бөлісті. Сабақ барысында қолдануға болатын түрлі заманауи тәсілдерді көрсетті. Көрсетілген тәсілдерді сабақтың әр кезеңіне байланысты қолдануға болатыны туралы атап өтілді.

Сөз сөйлегендер:

Тауекелова Р.Е – мен сабақта бағалау және тапсырмаларды (үй тапсырмасы, бекіту тапсырмасы) орындау ретін анықтау, жаңа тақырыпты түсіндіру кездерінде қолданамын.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Заман талабына сай мұғалімнің өзін – өзі жетілдіруіне азар аудару.

№2 сұрақ бойынша орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Хамитова Г.К «Білім беруде қолданылатын цифрлық технологиялардың тиімділігі» тақырыбында іс – тәжірибемен бөлісті. Білім беру үдерісін өзгертудің мақсаты барынша тиімді цифрлық технологияларды қолдану болып табылады. Өз кезегінде, білім беру саласындағы технологияларды дамытудың мақсаты оларды толық бейімдеу және қойылған педагогикалық міндеттерді барынша ыңғайлы шешу үшін оқу процесіне барынша ыңғайлы енгізу болып табылады. андық кәсіптік білім берудің дидактикалық принциптері ашық және олардың жаңалығына байланысты сандық білім берудің теориялық және практикалық мүмкіндіктері дамыған сайын толықтыруларды қажет етеді. Білім беруді цифрландырудың нәтижелері жеке білім беру процестеріне және білім алушы қызметінің үздіксіз мониторингіне негізделген тиімді дербес білім беру болады..

Сөз сөйлегендер:

Садвокасов С.Б – Цифрландыру сабақтардың топтық және жеке нысандарын пайдалану мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді, кәсіби білім мен дағдыларды толық меңгеруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ инклюзивті оқытудың дамуына айтарлықтай әсер етеді.

Қаулы етеді:Аталған мәселе бойынша шешім

1. Аталған тақырып бойынша 2024-2025 оқу жылында семинар ұйымдастыру. №3 сұрақ бойынша Хамитова А.К. наурыз және сәуір айларында мектепшілік бақылау жоспары және сабаққа қатысудың жылдық жоспар негізінде сабаққа қатысу жүргізген пәндер бойынша қорытынды айтты. Мұғалімдер жоспарда сабақтың барлық кезеңдерін қамтылған, сабақ мақсаты оқу мақсаттарына сай, оқу мақсаттары оқу бағдарламасынан алынған, формативті баға жоспарланған, ұсынылған ақпарат сабақ мазмұнына сай келеді, оқу әдістері жоспарланған, мұғалім мен оқушының әрекеті анық жоспарланған. Бірақ көп мұғалімдер үлгерімі төмен және дарынды оқушылармен жеке жұмыс жоспарламайды. Сабақ мақсатын және күтілетін нәтижені қоюға оқушылар үнемі тартыла бермейтіні де анықталды. Алдыңғы сабақтағы ақпаратты қайталай отырып жаңа сабақтар түсіндіріледі және бекіту тапсырмалары орындалады. Мәтіндерді оқып, проблеманы анықтап, сұрақтарға жауап беруде дәлел келтіре білу сияқты тапсырмалар орындалады. Сын тұрғысынан ойлау, тіл мәдениетін дамыту, логикалық ойлауды дамыту мәселелеріне көңіл бөлінеді. Сабақтарды өткізуде әдіс – тәсілдер көп қолданылмайтыны анықталды. Сабақтар дәстүрлі түрде көп өткізіледі.

Сөз сөйлегендер:

Садвокасова Г.А. – Оқушылардың тіл мәдениетін дамытуға және оқу сауаттылығын дамытуға тапсырмалар көп қолдану керек. Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу керек.

Қаулы етеді:Аталған мәселе бойынша шешім

1. Сабақта белсенді әдіс – тәсілдерді кеңінен қолдану;
2. Оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында сабақты тиінақты жоспарлау;

№4 сұрақ бойынша Хамитова А.К. наурыз айында өткізген 9 сыныптардағы және сәуір айында өткізілген 4 сыныптағы білім сапасын бақылаудың қорытындысы бойынша анықтамамен таныстырды. (тексеру қорытындысы бойынша анықтама таныстырылды)

Сөз сөйлегендер:

Садвокасов М.Б. – оқушылардың сауаттылығын дамыту жұмыстарын кеңінен жүргізу;

Қаулы етеді:Аталған мәселе бойынша шешім

1. Оқу және жазу сауаттылығын және математикалық сауаттылықты дамыту бойынша жұмыстар жүргізу;
2. Сын тұрғысынан ойлау дағдаларын арттыру;

№5,6 сұрақ бойынша Хамитова А.К. мұғалімдердің пән бойынша жетістіктерінің мониторинг жүргізді. Мұғалімдердің әдістемелік жағынан дамуын жүргізеді. Шығармашылық топ мүшелері жүргізіліп жатқан іс – шаралар бойынша есеп берді. Шығармашылық топтың жұмыс жасау мақсаты сапалы сабақ жүргізуде және пән бойынша білім сапасын арттыруда қолданылатын әдіс – тәсілдер құрастыру. Топ мұғалімдері әдіс – тәсіл құрастырып өздерінің сабақтарында апробациядан өткізіп бір – бірімен бөліседі. Содан соң бір – бірінің құрастырған әдіс – тәсілдерін сабақтарда қолданып, тиімді, тиімсіз жақтарымен бөліседі. Жаңадан құрастырылған әдіс – тәсілдердің тиімділігімен бөлісті.

Сөз сөйлегендер:

Хамитова Л.А. – Сабақ өткізу барысында оқушылардың қызығушылығын, белсенділігін арттыруға бағытталған бірнеше тәсілдер қарастырылуда. Оқушылардың жас ерекшелігін ескеру керек.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Мұғалімдердің әдістемелік дамуы бойынша жеке жоспар құру керек.
2. Келесі оқу жылында шығармашылық топ мектеп мұғалімдері құрастырған тәсілдерді іс – тәжірибеге енгізу.

ӨК төрайымы:  Хамитова А.К.
Хатшы:  Хавдалгаж А.

«Күншалған ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
(білім беру ұйымының атауы)

**Орта білім беру ұйымдарына арналған
әдістемелік кеңес хаттамасы**

№ 6 2025 жылғы "29" мамыр

Төрайым: Хамитова А.К.

Хатшы: Хавдалгаж А.

Қатысқандар: 24 (тізім қоса тігіледі)

Күн тәртібі

1. «Сабақты талдау мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту құралы»
2. Мемлекеттік білім беру стандарттарын орындау барысы.
3. Қорытынды аттестаттау мен ҰБТ-ға дайындық барысы
4. Мектепшілік бақылау жоспары негізінде бақыланған пәндердің сабақ жүргізу сапасының қорытындысы.
5. БЖБ және ТЖБ нәтижелері бойынша жылдық талдау жұмысы
6. Мұғалімдердің кәсіби дамуы және өзін-өзі жетілдіруінің мониторингі. «Жас ұстаз – тәлімгер» жұмысының барысы
7. 2024 – 2025 оқу жылының қорытындысы, жаңа оқу жылына арналған міндеттерді белгілеу.

Отырыс барысы

Тыңдалды:

Ең алдымен мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Хамитова А.К. 2024 жылдың 26 сәуірінде өткен №5 ӘК қаулысының орындалуы туралы есепке тоқталды. №5 ӘК отырысының шешіміне сәйкес барлық іс – шаралар өткізілді.

Бірінші сұрақ бойынша ағылшын тілі мұғалімі Бекей Ж. «Сабақты талдау мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту құралы» тақырыбында іс – тәжірибемен бөлісу өткізді.

Талданып жатқан сабақтың оқытылып жатқан тақырыпта алатын орны, Сабақ мақсаты мен міндеттерін негіздеу, жоспарланған іс-әрекеттердің орындалу деңгейі; Сыныпқа мінездеме беріп, қолданылған оқу материалдарын таңдау себебін түсіндіру; Оқушылар орындаған тапсырмалар мен жаттығулар жүйесіне педагогикалық, психологиялық баға беру, оқушылардың сабақтағы өзбетінше ойлау қабілетінің даму деңгейін бағалау. Сабақ жоспарын құру барысында күтілетін нәтижеге қарай бағыттауын қарастыру керек. Өткізген сабақты талдау арқылы келесі сабақтың тиімді өтуін бақылай аламыз.

Сөз сөйлегендер:

Садвокасов М.Б. –Өзін-өзі талдау – мұғалімнің шығармашылық іс-әрекетінің бір шарты. Мұғалім өзінің ізденімпаздығының, шығармашылдығының аркасында көздеген мақсатына жете алды.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Мұғалімдер сабақты талдау талаптарын ескере отырып сабақ жоспарын құру керек.
- №2 сұрақ бойынша Бекей Ж. оқу жылының қорытындысы бойынша мемлекеттік білім беру стандарттарын орындау бойынша есеппен таныстырды. Негіз ретінде мұғалімдердің бағдарламалары мен күнтізбелік – тақырыптық жоспарлары kundelik.kz электронды журналы бойынша тексерілді. Жоспардың бағдарламаға сәйкес құрылуы қадағаланды. Сынып журналдары жоспар бойынша толтырылуы бақыланды. Сынып журналдары

тексерілді. Барлық мұғалімдердің жоспарлары бағдарлама негізінде құрылған. Пән бойынша БЖБ, ТЖБ жұмыстары және қорытынды баллдары жоспарға бекітілген кесте негізінде енгізілген. Физика, химия, биология пәндері бойынша зертханалық жұмыстар жоспарға енгізіліп, өткізілді.

Сөз сөйлегендер:

Жумабекова Н.К. – мемлекеттік білім беру стандартын орындау басты мақсат және міндет. Стандартты орындау әр мұғалімде 100% болу керек. Білім беру стандартының орындалуын оқушының білім сапасы арқылы бақылай аламыз.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Мемлекеттік білім беру стандартын 100% орындау керек.

№3 сұрақ бойынша қорытынды аттестаттау мен ҰБТ-ға дайындық барысы бойынша Бекей Ж. ақпарат берді. 5-8,10 сыныптардың аралық емтиханға және 9,11 сыныптардың қорытынды аттестаттау кестесі, комиссия мүшелері және кезекшілер тізімі бекітілді. 5-8,10 сыныптардағы аралық емтихандарының құжаттары аудан бойынша бекітіліп берілді. 9,11 сыныптардағы мемлекеттік емтихан материалдарын Оқу – ағарту министрлігінен беріледі. Аралық және мемлекеттік емтихандарға және ҰБТ дайындалу мақсатында жүргізілетін консультацияның кестеге және дайындық жоспарына сай жүргізіледі.

Сөз сөйлегендер:

Садвокасова Г.А. – аралық және мемлекеттік емтихандарға дайындықты тиіақты жүргізу керек. Бекітілген кесте бойынша уақытылы емтихандарға оқушылардың және мұғалімдердің қатысуын қамтамасыз ету керек.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Қорытынды аттестаттау мен ҰБТ талаптарға сай өтуін қамтамасыз ету.

№4 сұрақ бойынша Хамитова А.К. мамыр айында дене шынықтыру және информатика пәндерінен мектепшілік бақылау жоспары және сабаққа қатысудың жылдық жоспар негізінде сабаққа қатысу жүргізген пәндер бойынша қорытынды айтты. Мұғалімдер жоспарда сабақтың барлық кезеңдерін қамтылған, сабақ мақсаты оқу мақсаттарына сай, оқу мақсаттары оқу бағдарламасынан алынған, ұсынылған ақпарат сабақ мазмұнына сай келеді, оқу әдістері жоспарланған, мұғалім мен оқушының әрекеті анық жоспарланған. Сабақ мақсатын және күтілетін нәтижені қоюға оқушылар үнемі тартыла бермейтіні де анықталды. Алдыңғы сабақтағы ақпаратты қайталай отырып жаңа сабақтар түсіндіріледі және бекіту тапсырмалары орындалады. Сын тұрғысынан ойлау, тіл мәдениетін дамыту, логикалық ойлауды дамыту мәселелеріне көңіл бөлінеді. Сабақтарды өткізуде әдіс – тәсілдер көп қолданылмайтыны анықталды. Сабақтар дәстүрлі түрде көп өткізіледі.

Сөз сөйлегендер:

Сагинбаева Г.А. – Білім сапасын арттыру мақсатында сабақты тиіақты жоспарлау керек.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Сабақта белсенді әдіс – тәсілдерді кеңінен қолдану;

№5 сұрақ бойынша гуманитарлық бірлестік жетекшісі бөлім және тоқсандық жиынтық бақылау (ТЖБ) жұмыстары бекітілген кестеге сәйкес жүргізілгенін атап өтті. Барлық пәндер бойынша БЖБ және ТЖБ пәндер спецификациясы негізінде жүргізіледі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы № 193 бұйрығы 22 тармағы негізінде модерация тек даулы мәселелер туындаған жағдайда ғана өткізіледі.

Сөз сөйлегендер:

Жумабекова Н.Қ. – Бастауыш сыныптар бойынша да барлық жұмыстарға модерация өткізілді. Кемшіліктер болған жоқ.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын оқушылардың деңгейіне сай құрастыру.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы № 193 бұйрығы 22 тармағы негізінде модерация тек даулы мәселелер туындаған жағдайда ғана өткізіледі.

№6 сұрақ бойынша Хамитова А.К. мұғалімдердің кәсіби дамуы және өзін-өзі жетілдіруінің мониторингісімен таныстырды. Биылғы оқу жылында оқушылардың және мұғалімдердің жетістіктері бойынша қорытынды шығарылды. «Жас ұстаз – тәлімгер» жұмысы бойынша тәлімгерлер есеп берді.

Сөз сөйлегендер:

Боканова А.С. – Аудандық, облыстық және республикалық байқауларға қатысу пайызын келесі оқу жылында көтеру керек.


Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім


1. Оқушылар мен мұғалімдердің аудандық, облыстық және республикалық байқауларға қатысуын қамтамасыз ету.

№7 сұрақ бойынша Хамитова А.К. мектеп мұғалімдеріне 2024-2025 оқу жылының оқу-әдістемелік іс-шаралары бойынша есеп берді. Оқу жылының басында бекітілген жоспар бойынша барлық іс-шаралар өткізілді. 2024 – 2025 оқу жылында мектебіміз «Нәтижеге бағытталаған, құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие үрдісінде педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуын жетілдіру арқылы білімді терең меңгерген, ұлттық сана сезімі жетілген, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру» тақырыбы бойынша жұмыстар атқарды. Пәндердің қорытындысы бойынша жылдық мониторинг шығарылды:

Бастауыш сынып бірлестігі



Гуманитарлық бірлестік





2024-2025 оқу жылында мектеп «Нәтижеге бағытталаған, құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие үрдісінде педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуын жетілдіру арқылы білімді терең менгерген, ұлттық сана сезімі жетілген, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру» тақырыбымен жұмыс істеуді жалғастырады. 2025-2026 оқу жылында осы жылғы болған кемшіліктерді жою үшін жағдайлар жасау, оқушылардың білім сапасын арттыру басты мақсат болып отыр. Ол үшін:

- Дарынды оқушыларға басым назар аудару, облыстық, республикалық сайыстарға қатыстыру;
- Мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігін арттыру;
- Мұғалімдердің іс- тәжірибесін тарату жұмысын қолға алу;
- Ата-аналардың тәрбиедегі ролін дамыта отырып мектеп өміріне белсендендіре түсу;

Сөз сөйлегендер:

- Сагинбаева Г.А.– Бастауыш пен орта буын сабақтастығын нығайту мәселесін қосу керек деп ойлаймын. Сол кезде білім сапасының нақты өсуінің нәтижесін көре аламыз.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. 2025-2026 оқу жылына қойылған мақсат пен міндеттерді жылдық жоспарға енгізу.

ӨК төрайымы:  Хамитова А.К.

Хатшы:  Хавдалгаж А.